

6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Абильбакиева Галия Тұрысбековнаның «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы Ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және Ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-аукатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауының басым бағыттарының бірі ретінде мектепке дейінгі ұйымдарға ерекше көңіл бөлу, оның ішінде тәрбиешілердің біліктілік талаптарын, оқыту әдісін қайта қарау қажеттігі қарастырылған. Сонымен бірге Жолдауда 4 К моделіне негізделген келешек ұрпақты тәрбиелеу мектепке дейінгі ұйымнан басталатындығына ерекше назар аударылған. Аталған ойларға сәйкес болашақ педагогикалық мамандарды даярлауда жаңашылдық процестерді кеңінен қолдану, білімді цифрландыру мәселесі «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан келгенде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби мәнді сапаларын, басқарушылық құзыреттіліктерін қалыптастырудың акпараттық-коммуникациялық технология күралдарының мүмкіндіктерін толық зерттеу мәселесінің өзектілігін айқындай туследі.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

2.1. акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру теориялық тұрғыдан негізделген.

2.2. «Басқарушылық құзыреттілік», «болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігі» ұғымдарының мәні мен мазмұны нактыланған.

2.3. акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың күрілімдік-мазмұндық моделі жасалған.

2.4. болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі жасалып, тиімділігі тәжірибеде тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар әзірленген.

Зерттеу барысында ізденуші белгілі психолог, педагог, философ т.б. галымдардың енбектерін негізге алу арқылы «басқарушылық құзыреттілік», ұғымдарының мән, мағынасын ашып көрсеткен. Осы ұғымдардың мазмұны мен құрылымын айқындал, мазмұнына түсінік берген. Автордың зерттеу кезеңіндегі акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты материалдарға жан-жақты талдау жүргізгендігі, сілтемелер сонында автордың ой тұжырымы келтірілгендейтін атап өтуге болады.

«Акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» әдіснамалық негіздері ретінде тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік тұғыр, акпараттық тұғыр, жүйелілік тұғырларды айқындағы келе олардың атқаратын қызмет ауқымына тоқталған.

Диссидент Г.Т.Абилбакиева өз жұмысында акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастырып, әдістемесін жасады. Диссертацияда АКТ арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым маманының басқарушылық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған электрондық әдістемелік құралы, студенттердің жұмыс алаңы ретінде пайдалануға болатын акпараттық білім беру порталының мазмұндық құрылымы анықталып жасалынған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен корытындысының жаңалық дәрежесі.

3.1 Бірінші нәтижеге жету үшін диссидент зерттеу мәселесіне қатысты отандық, шетелдік және ТМД елдері ғалымдарының енбектерін зерделеп, зерттеу мәселесінің теориялық-методологиялық негізdemесін акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру ретінде ұсынып отыр. Сондыктан бұл тұжырымы жаңа болып табылады.

3.2. Екінші нәтижеге жету үшін «басқарушылық құзыреттілік», «болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігі» түсінігінің акпараттық-коммуникациялық технологиямен байланыстырып, сипатталуы және оның мазмұндының нақтыланып берілуі жаңалық болып табылады.

3.3. Ушінші нәтижеге жету үшін акпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіштерін негізге ала отырып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің АКТ арқылы басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жаңа болып табылады.

3.4. Төртінші нәтижеге жету үшін болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың «Балабақша» порталының, әдістемелік күралдардың жасалуы мен тәжірибелік эксперимент жұмыстарының дәлелді болуы жаңа болып табылады.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиесті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

«Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» әдістемесі күрылыш және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілген.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оку орындарында, педагог кадрлар біліктілігін жетілдіретін мекемелерде пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 15 мақалада жарияланды. Соның ішінде 3 мақала ҚР БжФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, 5-халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 3-үі шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 3-үі шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі жетістіктер мен кемшіліктер.

Жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң нәтижелерімен қоса, оның мазмұны мен рәсімделуіне байланысты төмендегідей ескертпелеріміз бар:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың күрылымдық-мазмұндық моделі қандай көрсеткіштерге негізделіп, жасалған.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы педагогтардың құзыреттілігін қалыптастыру бойынша қазақстандық ғылыми еңбектер аз келтірілген.

3. «Балабақша» порталын жасау тұжырымдамасы келтірілмеген.

4. Диссертацияда орфографиялық, стилистикалық қателер кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондыктан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің құндылығын төмендетпейді.

7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі

Абильбакиева Галия Тұрысбековнаның «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы болашак мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық күзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы аталмыш мамандыққа сәйкес аякталған ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы Ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп есептеймін. Сондыктан, оның авторына 6D010100-«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Рецензент:

педагогика ғылымдарының докторы,
доцент «Өрлеу БАУО» АҚФ ҚР Білім
беру жүйесінің басшы және ғылыми –
педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыратын республикалық
институттың «Менеджмент және
ақпараттық технологиялар
кафедрасының менгерушісі


С.Т.Мұхамбетжанова